

<p>Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД</p> <p>КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО</p>	
<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан</p>	
<p>Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканского государственного учреждения "Махамбетское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"</p>	

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды  
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ Е.08.Х.КZ25VWF00142104

Дата: 27.02.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің "Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп және мектеп жанындағы интернат" КММ**

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 14.02.2024 15:55:05 № KZ27RYS00550360**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)  
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **"Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің "Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет а.о., Махамбет а. Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылы, Қазбек би 40 А**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тисілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

**Жалпы білім беру және тәрбие**

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) **Білім беру**

4. Жобалар, материал дарэзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **жсқ**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **14.02.2024ж № KZ27RYS00550360 өтініші, Зерттеу хаттамалары: Жарықты өлшеу хаттамасы: 5.02.2024ж №1; 3.11.2023ж №52 Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №83; 84; Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №10; Шү дыбыс деңгейлерінің оқшаулануын өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №22;23 Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125 Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125**



6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) ЖСОК

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) ЖСОК

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

**Мектептің меншік құқығы: коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, БСН: 970640000646, субъектіні бастапқы тіркеу күні 24 ақпан 1999 жыл, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. Атырау облысы, Махамбет ауылы, Қазбек би көшесі 40А үй. E-mail: d\_tulenov\_ma@mail.ru Директоры Идркенова Талшын Габитовна. Тел: 7-778-160-40-68.**

Мектеп жалпы білім беретін орта мектеп және мектеп жанындағы интернатта тәрбие беру және оқыту. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары нысан. Мектеп типтік жобада 3 қабатты 600 орын ғимаратта орналасқан, күні бүгінде 661 оқушы білім алып, тәрбиеленуде, сыныптардың оқу кабинеттерінің ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр нормасы белгіленген. Мектепте 150 орындық акт залы бар. Мектеп ғимаратының жобалық қуаты 600 орындық. Оқу 2 ауысыммен жүргізіледі. Мектеп жанындағы интернат 300 орындық жатақханамен қамтылған, 39 тәрбиеленуші бар, бір балаға 4м<sup>2</sup>-тан кем емес аудан белгіленген, 85 орындық асхана бар. Мектепке бұрынғы рұхсат беру құжаттары тіркелмеген. Мектеп ауласында оқу, жатақхана корпусынан басқа шаруашылық, контейнерлік, спорт алаңы, ойын-демалыс, ішкі тәжірибелік шаралар жүргізу алаңдары бөлінген, мектеп жанындағы интернат үшін демалыс, ойын алаңы бөлінген.

Объектілердің учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдар асфальтпен, бетонмен немесе тазалауға қолжетімді басқа да қатты жабынмен жабылған.

Мектептің, интернаттың аумағы барлық периметрі бойынша қоршалған, қоршау зақымдалмаған.

Шаруашылық құрылыстарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға апаратын жолдары, қоқыс жинайтын алаңдарға кіру жолдары қатты жабынмен төселген. Объекті қоршау аумағында орналасқан қоқыс жинағыш контейнерлер шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған, тығыз жабылатын қақпақпен жабдықталған. Қоқысты жинауға ЖК Болатовамен 30.01.2024ж №35 келісімшарт жасакталған. Септикке «Жомартжан» ЖШС мекемесімен 29.01.2024ж №36 келісім шарт негізінде жүргізіледі. Мектеп ғимараты сыртқы жарықтандырумен қамтылған, аумаққа біркелкі жарықтың түсуі қамтамасыз етілген. Объектілердің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілер орналаспаған.

Техникалық паспорт бойынша: кадастр нөмері: 04:065:002:2347:1/А. Жер телімі: 4 га. Орындық саны-600. Қабат саны -3. Құрылыс ауданы-2972,12. Ғимарат ауқымы -13273,58. Жалпы алаңы -13273,58м<sup>2</sup>. Үй-жай бөлмелер саны -155. Салынған жылы 2023 жыл.

Интернаттың кадастр нөмері 04:065:002:2347:2/Б. 300 орындық жатақхана бөлек ғимаратта орналасқан. Құрылыс ауданы -3007,32м<sup>2</sup>. Жалпы ауданы -9608,64. Тұрғын ауданы -1162м<sup>2</sup>. Үй-жай саны -116. Қабат саны -3.

Мектеп блоктарға бөлінген, 1-ші қабатында «А» блогында әкімшілік бөлмелер, әскери дайындық (62,8м<sup>2</sup>), тарих (62,2м<sup>2</sup>), технология кабинеттері-2(63,1;51,1м<sup>2</sup>), қызметкерлерге арналған 2 гардероб (7,7м<sup>2</sup>), ұлдарға және қыздарға арналған санитарлық торап(4,8м<sup>2</sup>х4), санитарлық торап қызметкерлерге (16,6м<sup>2</sup>), мұғалімдер бөлмесі(40м<sup>2</sup>), директор бөлмесі(32м<sup>2</sup>), қабылдау бөлмесі (18,9м<sup>2</sup>) жабдықталған; «В» блогында бастауыш сыныптың 6 оқу кабинеті(62,8м<sup>2</sup>), медициналық кабинет комплектісі медицина персоналы кабинет (процедурный -14 кв/м, мед.кабинет-17,7кв/м), медициналық кабинет Махамбет аудандық ауруханасы Ш ЖҚ КМК жалға алу шартымен 19.01.2024жылы №Е.08.Х.КЗ.52VWF00135604 санды сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілген.

«Б» блогында асхана жабдықталған, асхана (түстік залы- 235,75 кв/м), (ыстық цех-48,6 кв/м), меңгеруші кабинеті-7,7; ас үйлік ыдыс жуу бөлмесі-8,07, асханалық ыдыс жуу бөлмесі-29,99, құрғақ тағам сақтау қоймасы-11,4, (ет, балық-19,0 кв/м), (көкөністер-8,5; 8,3 кв/м), (нан кесетін бөлме - 8,4кв/м), салқын цех-1,8м<sup>2</sup>, туралған нан сақтау бөлмесі-6,2м<sup>2</sup>, қойма-13,8 кв/м, тоңазытқыштар орны-8 кв/м. Асханаға жеке кәсіпкер «Нургалиева Х» Х.Нургалиеваның жалға алу шартымен асханаға 19.12.2023жылы №Е.08.Х.КЗ.29VWF00124087 санды сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілген.

2-ші қабатында: «В» блогында 6 оқу кабинеті (42,43) кв/м; 62,59 кв/м; 42,0 кв/м, 2 информатика кабинеті (42,03;39,66 кв/м), 1 ағылшын тілі кабинеті (39,66 кв/м);

«Б» блогында спорт зал, гардероб, санитарлық тораптарымен -566,2кв/м, 8 оқу кабинеті (42,03; 42,03;39,66; 39,66; 39,66; 39,66; 42,03; 85,09 кв/м), ұлдарға және қыздарға бөлек технология кабинеттері (63,1;51,1 кв/м) жабдықталған;



3- қабатта «Б» блогында 150 орынға акт залы(198,15 кв/м), «А» блогында 10 оқу кабинеті (41,01; 41,01; 41,01; 42,03;39,66; 39,66; 39,66; 39,66; 42,03; 85,09 кв/м) жабдықталған.

Химия кабинеті-1(84,87 кв/м), зертханасы (18,42 кв/м), Физика кабинеті-1 (85,09 кв/м), зертханасы (18,01 кв/м), бастауыш сыныбы-5 (61,06,62,8;42,9; 61,9; 62,2 кв/м), Кітапхана (86,4 кв/м).Кабинет есепшінің- 13,4 кв/м. Кабинет тех. персонал - 9,7 кв/м. Мұғалімдер үшін әжетхана-16,6 кв/м. Оқушылар үшін әжетхана-15,5 кв/м. Кір жуатын бөлме - 16,2 кв/м. Киім өтектейтін бөлме - 11,15 кв/м. Кір кептіргіш бөлме-16,08 кв/м. Таза заттар бөлмесі-14,67м2.Туалет -3,67 кв/м.

Жатақхананың 1 қабатында оң жақ бөлігінде ұлдарға 9 бөлме, сол қанатында қыздардың жатын бөлмесі -9 бөлме бөлінген. 2-ші қабатта -20 жатын бөлме, 3 қабатта 29 бөлме бөлінген, екінші корпуста 49 бөлме бөлінген. 2 орындық жатын бөлмеге 28м2, 5 орындық бөлмеге 36м2, 2 орындық бөлмеге 15м2 аудан бөлінген, тиесілі жеке кереуеттер, әр балаға тумбо, киім шкафы орналасқан, жиһаздың және жабдық балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес қамтылған. Бір тәрбиеленушіге 4м2 кем емес орын бөлінген.

Қыздар әжетханасы әр бөлмеге 2 очко- 22,58 кв/м. Душевая для девочек 1 бөлмеге 1 банна- 2,90 кв/м. Умывальник 2 раковина - 15,19 кв/м. Раздевалка- 5,63 кв/м. Комната для занятия - 14,19 кв/м. Комната для раздевалки- 12,60 кв/м. Санузел персонала- 3,22 кв/м.Гардеров персонала- 6,41 кв/м. Душевая персонала- 2,90 кв/м. Киім жуатын орын - 24,32 кв/м. Киім өтектейтін бөлме - 13,49 кв/м. Киім кептіретін бөлме - 15,47 кв/м. комендант- 13,05 кв/м. Кабина личный гигиены-3,22 кв/м. Помещение уборного инвентаря - 1,77 кв/м. Раздевалка- 5,60 кв/м

Мектеп аумағында дене шынықтыру-спорт алаңдары бөлінген. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтары білім алушылардың бойына және жасына сәйкес жабдықталған, оқшауланып, қоршалған. Спорт, ойын жабдығы жарамды күйде ұсталған.

Спорт залдың жанында ұлдар (26,53м2) мен қыздарға(26,72м2) арналған киім шешетін орын қарастырылған. Киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен және ілгіштермен және орындықтармен жабдықталған. Жары, едені кафельденген. Санитариялық тораптарға(3,12 м2), себезгі бөлмесіне (6,7м2) ыстық, салқын су келтірілген. Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы орналастырылып, торлармен жабылған. Терезесінде қоршау орнатылған. Еденінің арнайы төсемі бар, еденнің беті тегіс, саңылаусыз және ақаусыз.Спорт залдың жарықтандыру аспаптары қоршау құрылғыларымен көзделген. Спорт мұқаммалдары құрал сақтау орнында сақталған, жаңа, жарамды, ақаулары анықталмады. Залда 25 үстел әрқайсысы 4 орыннан жабдықталған.

Интернаттың ас блогы 1-ші блокта 1-ші қабатта орналасқан. Тамақтану залының жобалық қуаты 85 орынға арналған(135,1м2), әр орынға аудан көлемі 1,5м2 келеді. Бөлмелердің қабырғалары әктелген, еденіне жылы линолеум төселген. Ас блогының үй-жайлары: тамақтану залы(135,1м2) тәрбиеленушілерге арналған, тиеу, тарату, ыдыс жуу(19,98м2), құрғақ өнімдер қоймасы(20,2м2), ас үйі бөлмесі(70,8м2), қызметкерлер бөлмесі(11,34м2), ыдыс сақтау бөлмесі(13,14м2), санитариялық торап себезгі(3,22м2), қызметкерлер киімін шешіну бөлмесі(11,34м2), ет, балық дайындау цехы(10,2м2), шикі тағамдарды дайындау цехы(9,8м2), көкөніс цехы (9,85м2), көкөніс сақтау қоймасы(14,6м2), тоңазытқыштар бөлмесі(12,35м2), киім шешу бөлмесі (34,1м2) қарастырылған. Ас блогінде технологиялық процестің ағындылығы, шикізат пен дайын өнімнің дайындау технологиясы сақталған.

Тамақтану залында барлығы 8 қол жуу раковинасы орналасқан. Қол жуу раковиналарына ыстық және суық су жүргізілген, электірлі сүлгілермен қамтылған, жұмыс қалпында. Қызметкерлерге арналған санитариялық торапта унитаздар, қол жуатын раковиналар орнатылған. Қызметкерлерге арналған себезгі бөлмелерімен қамтылған.

Барлық үй-жайлар функционалдық мақсатына сәйкес пайдаланылған. Барлық үй-жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілері жоқ. Үй-жайлардың едендеріне дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей кафель төселген, қабырғаларын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей материалдармен қапталып кафельденген.

Шикі ет дайындау цехы: шикі ет тағамын дайындауға бөлшектеу столы қамтылған, гигиеналық жабындыда, таңбаланған пышақтары жеткілікті, шикі етке арналған еттартқыш қамтылған, жұмыс жасайды. Жеке гигиена сақтауға 1 раковина ағынды ыстық, салқын сумен қамтылған, кәріз жүйесіне жалғанаған.

Дайын ет дайындау цехы: ет тағамын дайындауға бөлшектеу столы қамтылған, гигиеналық жабындыда, таңбаланған пышақтары-6, жеткілікті. Піскен етке арналған еттартқыш қамтылған, жұмыс жасайды. Жеке гигиена сақтауға 2 раковина ағынды ыстық, салқын сумен қамтылған, кәріз жүйесіне жалғанаған.

Көкөніс дайындау цехы: піскен және шикі өнімдерге 4 дана стол, 2 еттартқыш, 12-15 дана пышақтар қамтылған. 2 раковина ағынды ыстық, салқын сумен қамтылған, кәріз жүйесіне жалғанаған. Картоп тазалағыш орнатылған.

Салқын тағамдарды дайындауға арналған цехтарда 1 бактерицидтік шам, көкөністерден салат дайындау цехында 1 бактерицидтік шам қарастырылған.



Нан сақтау шкафы күнделікті тағам сақтау қоймасында орналасқан, нан сақтауға ауа бару жағдайы жасалған, жеткілікті мөлшерде шкафтар қамтылған, нан кесуге, қамыр илеуге, оқтау т.б. нан дайындауға қажетті құрал жабдықтар қамтылып, таңбаланған, нан дайын күйінде тасымалданып қамтылады.

Құрғақ макарон және крупаларды сақтау орынында сөрелер орналастырылған, жеткілікті.

Сүт өнімдерін сақтауға орын бөлінген, 1 тоңазытқыш бөлінген.

Тәуліктік сынама қалдыру үшін 1 тоңазытқыш бар.

Жұмыртқаларды өңдеуге 3 ванна бөлініп, таңбаланған, ағынды суда жуу үшін ваннаға салқын, ыстық суды араластырғыш орнатылған. Қоймаларда тамақ өнімдерін сақтау кезінде температуралық-ылғалдылық режимін сақтау үшін термометрлермен қамтылған.

Асхананың ыдыс жууға арналған 5 ваннасы бар, барлығы жұмыс жасап тұр. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделген. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылған.

Технологиялық құралдар тізімі:

1. Піскен еттің электірлі ет тартқышы 1 шт
2. Су қыздырғыш - 1 шт
3. Прилавок нейтральды -1 шт
4. 4-конфорлы электр плитасы духовкамен-1 шт
5. Тамақ пісіретін электр қазаны - 1 шт
6. Салқындатқыш прилавок - 1 шт
7. Прилавок-мармит 1-ші блюдаға - 1 шт
8. Прилавок мармит 2-ші блюдаға - 1 шт
9. Шкаф тоңазытқыш - 2 шт
10. Көкөніс турағыш-протирка - 1 шт
11. Прилавок асхана құралдарына - 1 шт
12. Подтоварник - 2 шт
13. Өндірістік стол - 45 шт
14. Ыдыс жуғыш машина - 2 шт
15. Нан кескіш машина - 1 шт
16. Шикі етке электр ет тартқышы - 1 шт
17. Картоп тазалағыш - 1 шт
18. Нан илегіш машина - 1 шт
19. электр сковорода - 1 шт
20. электронды салмақ өлшегіш - 1 шт
21. Ет шабуға науа - 1 шт
22. Тоңазытқыш мұздатқышымен - 2 шт

Асханалық ыдыстар жиынтығы 3 кезеңге, кастрюльдер, табақтар, ас үйлік құралдар жиыны жеткілікті қамтылған. Ыдыстарда жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, деформацияланған, эмаль зақымдалған жарықтар анықталмады. Ас үйінде тамақ дайындайтын ыдыстар мұқалмайтын тот баспайтын болат материалынан дайындалған.

Жатақхана тәрбиеленушілері үшін асхана, мектеп асханасынан басқа, кіру-шығу есігі бөлек орналастырылған.

Қызметкерлер мен оқушыларға арналған санитариялық тораптармен қамтылып, унитаздар, қол жуатын раковиналар, қол кептіруге арналған құралдар орнатылған. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге арналған унитаздар жабық кабиналарда орналастырылған. Жатақхана тәрбиеленушілері үшін 300 орындыққа 116 жатын бөлмесі бар, әр бөлме санитарлық тораптармен қамтылған, әр торапта 1 данадан себезгі, 1 раковина, 1 унитаз қыздар және ұлдар үшін орналасқан. Персонал үшін 1 унитаз, 1 себезгі, 1 раковина орнатылған. Жеке гигиенаны сақтау шарттары толық орындалған, сабын салғыштар, электірлі сүлгі орнатылған.

Интернаттың медициналық кабинеті 1 қабатта орналасқан, 8 бөлмеден тұрады. Жатақхананың медициналық кабинеті: Персонал бөлмесі 17,31м<sup>2</sup>, қабылдау бөлмесі-9,95м<sup>2</sup>, медбике бөлмесі-9,95м<sup>2</sup>, екпе бөлмесі-12,5м<sup>2</sup>, емшара бөлмесі-11,26м<sup>2</sup>, дәрігер бөлмесі-22,2м<sup>2</sup>, психолог кабинеті-14,95м<sup>2</sup>, стоматолог кабинеті-15,18м<sup>2</sup>, физиотерапевт бөлмесі-17,76м<sup>2</sup>, 2 санузел-3,47; 8,94м<sup>2</sup>; тазалық құралдарын сақтау бөлмесі-3,72-м<sup>2</sup>, оқшаулау бөлмесі -7,26м<sup>2</sup>; 13,87м<sup>2</sup> шм құрайды. Оқшаулау бөлмесінің сырттан кіру-шығу есігі бөлек.

Қабылдау бөлмеде 1 кушетка, 1 жазу үстелі 2 орындығымен, 1 медициналық шкаф, персонал киім ілгіш шкафы, медициналық құжаттарды сақтайтын шкаф, 2 бактерицидтік кварц, ростомер, салмақ өлшегіш, 2 ширма, 1 қол жуғыш раковинамен жабдықталған, процедура кабинеті: 1 кушетка, 1 медициналық үстел, 1 тоңазытқыш, 1 кварц лампасы, медициналық шкаф орнатылған. Медициналық пунктті жарақтандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың тізбесі мен медициналық құжаттамасы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық



қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 10, 11 қосымшаларына сәйкестендірілген. Медициналық кабинеттердің қабырғалары 1,80 биіктікте кафелденген, төбесі әктелген, едені жууға дезинфекциялауға төзімді материалдармен кафельмен қапталған. Медициналық кабинеттерде ағынды салқын, ыстық су, жарық көзі, ауа сору (вентеляция), жылу жүйелері орнатылған.

Мектеп ғимараты орталықтандырылған су құбырына қосылған, салқын сумен қамтылған, ыстық суды жылу қазандығы арқылы келтіру жоспарланған, күні бүгінде ыстық су іске қосылған, санитариялық тораптардағы қол жуу раковиналарына ыстық су келтірілген. Объектінің медициналық мақсаттағы үй-жайларға, барлық ванна, себезгілерге, кір жуатын орындарға, қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогына ыстық су көзі келтірілген, ыстық су 100л 2 дана су жылытқыштар арқылы қамтылған. Жатақхананың санитарлық торабы бөлмесіндегі қол жуғыш раковина, себезгі душтарға ағынды салқын су көздері орталықтандырылған жүйемен келтірілген, жұмыс жасайды. Ауыз су режимі ұйымдастырылған. Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) орнатылған, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдыс (бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылады.

Кәріз жүйесі жергілікті септик, барлық жиналған лас су 60 тонналық 4 жинау құдығы арқылы жиналып, төгіледі. Септикті тазалау «Жомартжан» ЖШС мекемесімен 29.01.2024ж №36 келісім шарт негізінде жүргізіледі. Кәріз жүйесіне механикалық тазартуға және құрамында майы бар ағындарға арналған құрылғылар(майұстағыш) қондырылған.

Мектеп ғимаратының жылыту жүйесі автономды жылу қазандығы арқылы газбен жылытылады, барлық үй-жайларына жылыту жүйесі жүргізілген, ақауы жоқ.

Оқу үй-жайларындағы табиғи жарықтандыру сол жақ бүйірден түсуді қамтамасыз етіле отырып орнатылған. Үй-жайлар табиғи және жасанды жарықтандырылады. Табиғи жарық терезе арқылы жарықтандырылады, жасанды жарықтандыру жарық диодты шамдар арқылы жүзеге асырылады. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделген. Терезелер реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылған, жарық шамдарының сыртында плафондар орнатылған. Істен шыққан шамдар болған жоқ.

Спорт залда, асханада табиғи және бөлек механикалық түрде іске қосылатын сорып-шығару желдету жүйесі қарастырылған, жұмыс жасайды. Жылу және ылғал көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылған.

Жатақхана ғимаратының 1 қабатында кір жуу орны 5 бөлмеге орналастырылған «Лас»,«Таза» мұкамалдың қарсы ағындарының болмауы сақталған: киім жуатын орын- 12,14 кв/м, автоматты 4 кір жуу машинасы орнатылған. Киім кептіретін бөлме-12,14 кв/м, 1 кептіру машинасы орнатылған, шкафтар орналастырылған. Киім өтектейтін бөлме-12,69 кв/м, 1 арнайы үтіктегіш машина бар, дәліз -3,7м2. Объектінің төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген. Таза заттар үшін арнайы сөрелер қамтылған. Кір жуу бөлмесінде жабдықты, мұкамалды жууды және дезинфекциялау үшін 2 ванна, инфекциялық науқас болған жағдайда 1 таңбаланған ванна орналасқан. «Лас»,«Таза» жаймалар үшін таңбаланған қаптармен жеткілікті қамтылған. Едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін кафель төселген.

Бөлмелерде орналасқан жихаздар ақауы анықталмаған, төсек орнындар матрацтар таңбаланған, төсек жаймалары 3 кезекке жеткілікті. Жуу құралдары, дезинфекциялық құралдар жеткілікті.

Оқу ғимаратындағы компьютерлік техникалар саны: 15 ноутбук, 42 компьютер, 16 моноблок, 12 интербелсенді тақта қамтылған, бір компьютерге 1 бала отырғызу қағидасы сақталған.

Химия кабинетінде және зертханасында шкафқа ауа сорып-шығару желдеткіші орнатылған.

Қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын тұтынуға «тыйым салынады» деген белгі орнатылған.

Зерттеу хаттамалары:

Жарықты өлшеу хаттамасы: 5.02.2024ж №1; 3.11.2023ж №52

Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №83; 84;

Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №10;

Шу дыбыс деңгейлерінің оқшаулануын өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №22;23

Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125

Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)



(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) **ЖСОК**

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері  
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

**Зерттеу хаттамалары: Жарықты өлшеу хаттамасы: 5.02.2024ж №1; 3.11.2023ж №52**  
**Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №83; 84; Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №10; Шу дыбыс деңгейлерінің окшаулануын өлшеу хаттамасы: 3.11.2023ж №22;23 Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125 Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы: 6.11.2023ж №124;125**

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

### **Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение**

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің "Д.Төленов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп және мектеп жанындағы интернат" КММ**

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)  
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)  
**"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығының 7-67 тармақ талаптарына, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығының 9,12,17,18,22,23,26,27,31,36,38,41,44,49 талаптарына, "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сүмен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26**



бұйрығының талаптарына, "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығы талаптарына, Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы талаптары

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

=

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Махамбет ауданы, көшесі Ө.Есмағамбетов, № 21/1 үй**

**Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)**

**Республиканского государственного учреждения "Махамбетское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"**

**Махамбетский район, улица Ө.Есмағамбетов, дом № 21/1**

**(Главный государственный санитарный врач (заместитель))**

**Зирек Орынбек Төлегенұлы**

**тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)**



